



Айтыскер ақын
Жандарбек
БҰЛҒАҚОВ:

**ЕВРО МЕН ДОЛЛАРҒА МАЗАҚ БОЛМАЙ,
КӨРДЕ ТЫНЫШ ЖАТАЙЫН ДЕДІ МЕ ЕКЕН..**

Бұылғанмен байлардың белі бекем,
Кесір қоғам деп жатыр кері кетем.
93 те тұған соң айтушы еді,
Теңгенің құрдасы деп мені көкем.
Құрдасымды тіліме тиек етсем,
Өткен күнді көзіммен шолып өтем.
1 теңге мен 1000 теңге Әл-Фараби,
3 теңге Сүйінбайдай серің екен.
5 теңге күй атасы Құрманғазы,
10 теңгеде Шоқандай ерің екен.
Абайдың сүреті бар 20 теңге,
Бұл күні жай жылтырақ темір екен.
50 теңге әйгілі Әбілқайыр,
100 теңге Хан Абылай бегің екен.
Бұл кездегі бағамен салыстырсаң,
Ол кезде заттың бәрі тегін екен.
Ұлттық банкі шығарған ақшамыздың,
Бағасы неге мұнша кеміді екен.
Баяғы бабалардың бейнелері,
Білмедім сірә неден жеріді екен.
Сүреттері теңгеден көрінбесе,
Ұрпақты ойлап ұайым жеді ме екен.
Евро мен долларға мазақ болмай,
Көрде тыныш жатайын деді ме екен...

ҰЛТТЫ КҮШЕЙТЕТІН НЕ?

Ұлтты күшейтетін не? Нақты іс, еңбек, білім, талантты адамдар. Және таланттың ашылуына керек еркіндік. Ең әуелі іс. Ұлттың ақыл-ой, білім қорына, мәдениетіне, шаруашылығына үлес қосатын іс. Егер ұлтшылдық жақсы нәрсе болса, ол ұлтқа пайдалы істен ғана көрінуі тиіс. Ондай істі еңбекқор әрі талантты адамдар жасайды. Тек олар ұлтымды сүйегіндіктен еңбектеніп жатырмын деп ойламайды.

2-бетте

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Сонымен, теңге құнсызданды. Тиын-тебен емес, долларға шаққандағы бағасы 256 теңгеден бір-ақ шықты. Ел әбігер. Өйткені, доллар көтерілсе, баға көтеріледі. Алды басталып та кетті. Ал, билік «өйтеміз, бүйтеміз» дейді. Ел экономикасы мен халықтың қалтасына салмақ салатын теңгенің күрт құнсыздануы туралы әлеуметтік желілер мен қазақстандық БАҚ-та түрлі пікірлер айтылуда. Өткен жылғы ақпан айындағы теңгенің құнсыздануынан кейін қарапайым халықтың Ұлттық банк пен Үкіметке деген сенімі жоғалғаны да жасырын емес. Девальвацияның түбі болатынын сезсе де, халық мұндайды күтпеген секілді. Айырбастау пункттерінде ығы-жығы, нөпір халық қаптағаны туралы БАҚ-та жазылып жатыр.

2-бетте

ПАРАҚОРДЫ ҰСТАТСАҢ, «ПАРА» АЛАСЫҢ

2013-2014 жылдары сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат берген қазақстандықтарға шамамен 38 млн. теңге сыйақы төленіпті. Бұл туралы «ҚазАқпарат» тілшісінің ресми сауалына жауап берген ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі хабарлады.

Ведомствоның ресми жауабындағы деректерге сүйенсек, 2013 жылдан бастап 2014 жылдың тамызына дейін 336 адамға сыйақы ретінде 38 млн. теңге төленген. «Жалпы, Қазақстан бұрынғы кеңестік елдердің арасында алғашқылардың бірі болып 2012 жылы сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат берген адамға сыйақы тағайындайтын институтты іске қосты. Бұл институт 2013 жылдан бастап толық жұмысқа кірісті. Институтты құру үшін, яғни, оның жұмысы үшін республикалық бюджеттен жыл сайын 32 млн. теңге бөлінеді. 2013 жылдан бастап 2014 жылдың тамы-



зына дейін сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат берген 336 адамға жалпы сомасы 38 млн. теңге көлемінде сыйақы берілген», — делінген ведомствоның ресми жауабында.

БҮГІНГІ САНДА

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

3-бетте

АМАЛЫҢДЫ ТҮЗЕТ, ТҮЗЕМЕСЕҢ ЕШКІМГЕ КІНӘ ҚОЙМА

4-бетте

АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН ЖАЛҒЫЗ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ
КІМ?

7-бетте



САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Жұрт күтпеген жұтты елестететін теңгенің 40 пайызға құлдырауына қатысты қазақстандық экономист Ораз Жандосов Азаттыққа сұхбат берген (http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_interview_with_oraz_jandosov/27199006.html).

«Бұл теңгенің девальвациясын бұрынырақ жасау керек еді. Себебі, бәрі бір болатыны белгілі. Меніңше теңгенің құнсыздануы Марченконың кезінде-ақ жасалуы керек еді. Ал, Мәсімов мырза айтқандай емес, дәл осындай теңгенің алағай да бұлағай күйге түсуі бұрын да болған. Министр мырзаның мұны білмеуі мүмкін емес. Өйткені, өзі сол кезеңдерде Ұлттық банктың басқарма төрағалардың бірі болған. Банк жүйесінде қызмет атқарған болатын. Ал теңге бағамының еркіндікке жіберілуі деген сөз – бұл жерде, Үкімет те, Ұлттық банк те, тіпті Президент те ештеңе істей алмайды. Себебі мұнда сыртқы факторлардың рөлі басымырақ. Есепке алғанда, мұнай бағасы мен Ресей рубльінің құнсыздануы. Біздің негізгі сауда-экономикалық серігіміз Ресей болғандықтан бұл факторлар бірінші кезекте – ықпал етуші болып табылады. Фиксацияланған курстан еркін курсқа өтуде міндетті түрде – «шок» режимі орын алады. Үлкен соққы бермей бір курстық жүйеден екіншісіне өтуді мен әлі көрмеппін. Ал министр мырза айтқандай, Қазақстан бұл жағдайда Канада мен Аустралиядан үлгі алатын болады деуі қисынсыздау. Бұл мемлекеттердің жер көлемі мен тұрғын саны және табиғи байлығы жөнінен Қазақстанмен сәйкестігі болғаны болмаса, басқа ұқсастық көріп тұрғаным жоқ. Тіпті, бұл мемлекеттер дамыған мемлекеттер ғой. Ал Қазақстанның жағдайы мүлдем басқаша. Біздің жағдайда Малайзия мен Түркияның деңгейіне жету биік потенциал болуы керек сияқты. Бұл бүгін болмаса ертең болатын дүние еді. Қашып кете алмайсың, айналып өте алмайсың. Меніңше сәл ертеректе жасалуы тиіс дүние ғой. Девальвация неғұрлым кешіксе, соғырлұм ауыр тиетіні жасырын емес. Сондықтан мұны дұрыс қабылдау керек. Министрліктегілер ертең жаңа құжаттар мен нормаларды қабылдайтыны айтты ғой. Соны

да ескерген жөн. Ал Келімбетов пен Мәсімов немесе Президент мырзаның қолынан келер шара жоқ мұнда», - дейді экономист Ораз Жандосов мырза.

Ал 365info.kz сайты (<http://365info.kz/2015/08/v-kazaxstane-est-veshhi-postrashnee-devalvacii-ekspert/>) қаржыгер Айдан Қарибжановтың девальвация туралы пікірлерін жариялаған екен. Онда қаржыгер Айдан Қарибжанов Қазақстан үшін девальвациядан да қауіпті – ЖІӨ көрсеткішінің құлдырауы екенін айтқан. Бірінші вице-премьер Бақытжан Сағынтаевтың сөзін мысалға келтіре отырып, қаржыгер соңғы 7 ай бойына ЖІӨ көрсеткішінің 1,5 пайызға төмендегенін айтқан. Бұл өз кезегінде жұмыссыздықтың артатынын, өмір сүру көрсеткішінің төмендейтінін және биліктік институттарға деген сенімнің жойылатынын көрсетеді.

Ал Қазақстандағы рекордтық төмендеу – 1994 жылы 12,6 пайызға құлдыраған болатын. Қаржыгердің пікірінше, девальвация міндетті жасалуы тиіс шаралардың бірі болып табылады екен.

Ал саясаткер Әміржан Қосанов мырза өзінің «фейсбук» әлеуметтік желісіндегі парақшасында «теңгені еркін жүзуге жіберген үкіметтің өзін еркін жүзуге аттандырып жіберу керек-ау осы. Осы жылдар ішінде қолда қаншама мүмкіндік бола отырып, ұлттық валютаны осындай бейшара халге жеткізген өкімет «неге осындай жағдайға душар болды?» «деген сұраққа жауап беруі керек еді! Әйтпесе, ешкім де өз қатесін мойындағысы келмейді.

Және де осы жылдары елдің қаржы саласына жауап берген үкімет мүшелері мен Ұлттық банк басшылығы өз еркімен отставкаға кетуі керек еді. Бүгінгі девальвация олардың жұмысына берілетін ең әділ баға емес пе?!

Ал президент болса, өз халқы не істерін білмей абдырап қалған осынау сыни шақта тікелей эфирге шығып, қарапайым жұрттың мүддесі қалай қорғалады, бір күнде отыз пайызға қысқарып қалған жалақысының сатып алу мүмкіншілігі қалайша сақталады деген екі үлкен сауалға жауап беруі керек деп ойлаймын. Және де сол міндеттер нақты шенеуніктерге жүктеліп, ол тапсырманы орындай алмаса, олар орнын босатуы тиіс.

Меніңше, шын мәнінде Халық сеніміне ие жаңа үкімет жасақталып, елдегі қоғамдық-саяси жағдайға соны серпін бермесе, тықыртаяң елбасының өз басына тақалуы әбден мүмкін», - дейді.

NUR.kz сайтының таратқан ақпаратында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстандағы теңгенің құнсыздануына қатысты пікірін білдірген. Онда Президент «біз мүлде басқаша жоспарлаған болатынымыз. Алайда әлемдегі дағдарыс бұған мұрша бермеуде. Дегенмен, біз бұл кезеңнен де аман өтеміз. Бағаны көтергендерді тауып жазалайтын боламыз» депті. Сонда бұл түсініктеме ме? Өздері көтеруге рұқсат беріп алып, өздері кейін жазалауды қалай түсінуге болады?

Нұрғелді ӘБДІҒАНИҰЛЫ.



ҚАЗАҚТЫҢ НАНЫН ЖЕГЕН АДАМ, ТІЛІН ДЕ ҮЙРЕНСІН!

Белгілі қоғам қайраткері, ғалым, тіл жанашыры Асылы Осман Қазақстанды Отаным деп білетін басқа ұлт өкілдерін мемлекеттік тілді үйренуге шақырды. Қазақстан халықтары а с с а м б л е я с ы н ы ң белсенді мүшесі қазақ халқының қиын күндерде көрсеткен көмегін, мейірім-қайырымын қайтарғысы келгендер қазақтың тілін үйренсін деп мәлімдеді. Асылы Османның монологын Әдебиет порталы жариялады.

Тәуелсіздікке жиырма жыл толды. Жиырма жасқа келген қазақ баласының барлығы ана тілін білуі керек еді. Өкінішке қарай олай емес. Көбі орысша сайраған қалпы балабақшадан мектепке, мектептен университетке жетті.

Тәуелсіздігі бола тұра өз тілін білмейтін балалардың бойына отаншылдық ұғымы не арқылы сіңіп жатқанын мен білмеймін... Менің білетінім – қазақ тілін білуді міндеттеген нақты талап жоқ. Талап жоқ жерде, қажеттілік те



болмайды. Қазақтың наны тәтті де, тілі жаман ба?! Олай емес, қазақтың нанын жеген адам, тілін де үйренсін!

Қазақстанда орыс тілін сыйламайтын, құрметтемейтін адам сирек. Қай кеңсеге кірсең де орыс тілінің әуезі айқын сезіліп тұрады. Орыс тілі тұғырынан әлі түскен жоқ. Тіпті түсетін де түрі байқалмайды.

Соның өзінде кері тартпа орыс ұйымдары «орыс тілі құрып барады» деп неше түрлі жасырын, жымысқы әрекеттер жасауда. Оларға тілімен бірге санасы орыстанып кеткен орыс тілді қазақтар қосылды. Сөйтіп, барлығы бірігіп алып жалғыз қазақ тілін бұрысқа тығып мүйіздеп жатыр. Бұларға «әй дейтін әже,

қой дейтін қожа жоқ».

Өткен жиырма жылымыз негіздеп айтқанда, осы ауқымнан асып кетпеді. Іс жоқ, құр сөз. Жалған сөзге шенеуніктердің еті үйренгені соншалық, беті бұлк етпей «қазақ тілі даму үстінде» деп өтірік айтады.

Қазақстанның ертеңі – мемлекет құраушы қазақ ұлтының ертеңі. Ендеше, қазақ тілінің қазақ жерінде қажеттілігін арттыру мәселесін неге осынша соза береміз?

Қазақстанды Отаным деп білетін басқа ұлт өкілдері өздеріне қазақ халқының қиын күндерде көрсеткен көмегін, мейірім-қайырымын қайтарғысы келсе қазақтың тілін үйренсін!

ҰЛТТЫ КҮШЕЙТЕТІН НЕ?

Талантты, ізденімпаз, батыл болғандықтан, артына бір нәрсе қалдырғысы келгендіктен, ол үшін аянбай тер төгу керектігін түсінгендіктен жасайды. Істің ұлтқа қаншалық пайдалы екенін көп жағдайда уақыт анықтайды. Талант пен еңбекқорлық сирек. Сондықтан, ондай іс те аз. Бастысы, оны ешкім ұлтшылдық деп білмейді. Еңбектің иесі де өзін ұлтшылға жатқызбайды.

Ал жұртқа мәлім ұлтшылдық ше? Ол негізінен сөзден, ұраннан, мақтанаштан тұрады. «Мен ұлтшылмын» дейтін адам «Сені ерекше, жан-тәніммен сүйем ұлтым! Мендей сені ешкім сүйе алмайды! Сондықтан маған ғана сен! Мені ғана қолда! Мені қызметке, абырой-атаққа, билікке жеткіз!» деп тұрғандай көрінеді. Сүйетінін дәлелдейді. Рас, сөзбен. Ұлтқа тиесілі нәрсенің барлығымен мақтанады. Өзгеден де осыны талап етеді.

Шындықты қаламайды. Жақындағы көршісін жау, айдаладағы туысын дос

етеді. Көп жағдайда бұл ұлтты арандатады. Оны басынан өткізген елдер ұлтшылдарды билікке жолатпайды.

Шынында билікті иелене қалса, бұрын айтқандарын жүзеге асырудың салдары туралы ең қайтпас ұлтшылдың өзі ойланар еді. Соны бүліншілікке апарып соғатындықтан, жағдаймен санасуға мәжбүр болар еді. Сондықтан, түпкі тілеуі не екенін жасыру басқадан бұрын ұлтшылға қиын соғады. Саяси күрес тарихы бай қоғамда алдау қиын. Тиісінше онда ұлтшылдардың билікке келу мүмкіндігі төмен.

Ұлтты сүюді игі іспен дәлелдеу «ұлтшылдық» деп аталатын болса, қайда болмасын ұлтшылдықты жақсы қабылдар еді. Бірақ ұлтшылдық пайдалы іс емес, ол – ұран, ыза, кек. Сондықтан қайда болмасын, соған сай қабылдануы тиіс.

Ержан ӘБДІРАМАН



Өткен аптада облысымыз үшін ауқымды іс-шарасымен есте қалды. Ұлағатты ұстаздардың басын қосқан тамыз кеңесі «Білім беру мазмұнын жаңарту: болашаққа бағдарлану» тақырыбында өрбіді. Алқалы жиынға ҚР Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов, аймақ басшысы Қ.Көшербаев және облыстағы барша білім саласының қызметкерлері қатысты. Сонымен қатар, жиынға барлық аудандар телекөпір арқылы байланысқа қосылды. Қашанда ұстаздарына құрметі бөлек біздер үшін алаш арысы М.Жұмабаевтың «Алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі» деген сөзі жадымыздан ешқашан шыққан емес.

Тәуелсіз елдің тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселесінің бірі – білім беру және оның сапасы мен мазмұнының үздіксіз жаңаруы екені даусыз. Шынында, қазіргі кезде білім саласына қолдау өте көп. Осы орайда, білім саласының дамуына бюджеттен 66 миллиард теңгеден астам қаржы қаралған болатын. Соның арқасында аймақта үш ауысымда білім беретін мектептер саны толық жұмысын тоқтатты. Бұл күнде сапалы білімнің мемлекет үшін ең қымбат қазына екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан да, білім саласының дамуы үшін мұғалімдер мен оқушыларға барынша жағдай жасау мемлекеттің борышы. Жиын барысында, аймақ басшысы «Маған әкім ретінде атқарған жұмыстардың ішіндегі ерекшесін айтыңыз десе, ойланбастан білім саласындағы жетістіктер едім. Өйткені, білім күрделі жүйе. Қырағы түрде қадағалау қажет. Біз тағы бір жобаны қолға алдық. 22 білім ошағын инновациялық мектепке айналдырмақпыз. Яғни, Назарбаев мектебі үлгісінде жарақтандырамыз. Ұстаздарды оқыту керек. Оған қыруар қаржы қажет. Бірақ болашаққа инвестиция салудан бас тарпаймыз», - деді облыс әкімі Қ.Көшербаев. Және де, аймақ басшысы Сыр елін көрші облыстармен салыстырып көрді. Биыл Қарағанды облысында 2 мектеп халық игілігіне берілсе, бізде 19 білім ошағының құрылысы жаңадан салынғандығын айтты. Сонымен қатар, облысымызда 8 білім ордасы мен 1 балабақша пайдалануға берілген болатын. Балалардың қуанышына ортақтаса келген еліміздің бас педагогі Аслан Сәрінжіпов бір күнде білім саласындағы 8 нысанның ашылуы әлі ешқандай өңірде болмағанын жеткізді. Биылғы ҰБТ нәтижесі де көңіл қуантады. Сыр өңірі облыстар арасында 13-орыннан алдыңғы бестікке көтерілді. Мыңдаған қызылордалық жас түлек облыс әкімі гранттарын иеленді. Сондай-ақ, Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы келісімге сәйкес 321 түлек Мәскеу және Санкт-Петербургтың маңдайалды жоғары оқу орындарында тегін білім алуға мүмкіндік алып отыр. Телекөпір арқылы байланысқа түскен Жалағаш ауданы білім саласындағы жетістіктерімен бөлісіп, қолдау білдіріп жатқан басшылыққа өз алғыстарын айтты. Облыс аумағында 9 ұлттық бірыңғай тестілеудің пункттері жұмыс жасаған болса, биыл ҚР Білім және ғылым министрінің №100 бұйрығы негізінде Жалағаш ауданындағы №202

орта мектептің базасында жаңадан тестілеу пунктін ашылған болатын. Ал, осы жылы ҰБТ қорытындысы бойынша аудандар арасында Жалағаш ауданы 83,5 пайыз балдық нәтижемен көш бастады. Бұл ауданда 10 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған. Және, Қызылорда облысы бойынша ең жоғарғы 123 ұпайды №202 орта мектеп оқушысы Мархабат Шайхиева жинады. Телекөпір арқылы жоғарғы ұпай жинаған түлектің әкесі байланысқа шығып, Мархабаттың Астанадағы медицина академиясына оқуға түскендігін айтты. Бұдан бөлек, жоғары және арнайы оқу орындарына бөлінетін «Серпін» бағдарламасымен де қызылордалық жастар тегін оқуға жолдама алды. Айта кетейік, «Серпін» бағдарламасы түлектерінің басым көпшілігі Сыр жастарын құрайды. Яғни, сырдағы «Серпінге» деген серпіліс жоғары. Биылғы жылдың басты жаңалығы талай жылдан бері талқыға түсіп келген Байқоңырдағы мектептердің мәселесінің шешімін табуы. Ондағы 6 мектеп қазақстандық білім беру стандартына өтті. Сол мектептерде білім алатын 5 мыңға жуық оқушы толық жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілді. Әрине, біздер үшін бәркімізді аспанға атып қуантындай жаңалық. Қанша жылдан бері қара қазақтың қайғысына айналған бұл істің шешілуі облыс әкімі Қ.Көшербаевтің тікелей тапсырмасымен болғаны белгілі. Осындай атқарылған игі істердің куәсі болған еліміздің бас мұғалімі А.Сәрінжіпов: «Аймақтың білім саласындағы жетістігі мол екендігі анық аңғарылады. Әсіресе, ҰБТ нәтижесі қуантты. Өңір жас кадрларға сенім артуымен ерекшеленеді. Мәселен, 25 жасқа дейінгі мұғалімдердің үлесі республикада 11 пайыз болса, бұл Қызылордада 16 пайызды құрайды. Енді магистр дәрежесі бар педагогтардың санын арттыруға байланысты жұмыс жасау қажет», - деді. Білім және ғылым министрінің аймақтың білім саласына берген бағасы жас мамандарға қанат бітіріп жүйелі жұмыс жасауына себепші болмақ. Соңғы үш жылдың ішінде білім саласына бөлінетін қаржы еселеніп өсті. Соның арқасында күрмеуі қиын мәселелер жайы жолға қойылды. 2013 аймақта 25 апатты жағдайда мектеп бол-

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



са, бүгінде 11-і қалды. Бұл мәселе келер жылы толық шешімін табады. Қазір 22 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жыл соңына дейін 19 мектеп, 2 балабақша пайдалануға беру жоспарланса, күні кеше 8 білім ордасы мен бір балабақша ел игілігіне берілді. Қызылорда облысы бюджет шығындарының 60% астамы әлеуметтік салаға бағытталған. Әлеуметтік шығындардың үлесі бойынша Қызылорда республикада 1-орынды алады. Яғни, бұл біздің болашаққа бағытталған ең маңызды инвестициямыз болып табылады. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың негізі. Бұл құжатта: «Жаңа білім беру бағдарламаларына сәйкес біліктілікті арттыру бағдарламасы жаңартылады және білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қамтамасыз етіледі» делінген. Қызылорда қаласында «Орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында өңірдегі білім беру ортасының трансформациясы» атты облыстық білім беру форумы өткізіліп, форумда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы мен Кембридж университетінің Білім беру факультеті бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың жаңа форматтағы деңгейлік Бағдарламасын өңіріміздің мектеп тәжірибесінде іске асырылуының нәтижелері талқыланған болатын. Форум Қызылорда облысы әкімдігі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес Білім беру ұйымымен стратегиялық серіктестікті дамыту мақсатында

меморандумға отырумен аяқталып, облыста Назарбаев Зияткерлік мектебінің іс-тәжірибесін насихаттайтын 22 инновациялық мектеп танылды. Қазіргі таңда, 22 инновациялық мектептің педагог мамандары, әдіскерлер, мектептің басшылары, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, информатика мамандары біліктілігін арттырды. Жиын соңында білім саласының дамуына айрықша үлес қосып жүрген бірқатар мұғалімдер «Б.Алтынсарин», «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгілермен және министрлік пен облыс әкімінің «Құрмет» грамотасымен және «Алғыс хатымен» марапатталды. Сондай-ақ, «Үздік орта білім ұйымы» грантын №9 облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицейі иеленді. Мектеп ұжымы 17 миллион теңгенің сертификатын алды. Бұл мектептен 2 халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы шыққан. ҰБТ қорытындысында орташа 105,5 балл жинады. Мұның бәрі еселі еңбектің жемісі деуге толық негіз бар. Қазақ ықылым заманнан бері «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болады» деген түсінікте. Бұл қазақ әліпбиінің негізін қалаған, алаш арысы А.Байтұрсынұлының сөзі болатын. Жиылған жұрт білім саласындағы мұндай жетістіктердің кездейсоқ емес екендігін атап көрсетіп жатты. Саналы ұрпақты сапалы білім нәрімен сусындатып жүрген ұстаздардың мерекесіне биыл Білім және ғылым министрінің қатысуы да бұрын соңды болмаған жағдай. Ендеше, ел ардақтылары ат басын бұрып, қолдау білдіріп жатса біздегі білім саласының болашағы зор болмақ деген ойдамыз.

Рыскелді ЖАХМАН

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:

АМАЛЫҢДЫ ТҮЗЕТ, ТҮЗЕМЕСЕҢ ЕШКІМГЕ КІНӘ ҚОЙМА



Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана кіре бастады. Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпелейді. Пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді деп үкіметке өкпелейді. Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген өткендерге өкпелейді.

Төменде қазақ өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па — соны жазбақпын.

Біздің заманымыз — өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан қалған мирасымыздың жайы мағлұм, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз, оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Көп жұртта да ғылым, өнер кем, бәрі қарайлас тең заманда қазақ

та қалт-құлт етіп өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ғылым өнерді керек қылмаған. Бірімен бірі жауласып, басқа берекелі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан. Ханы надан, халқы надан жұртты мықты мемлекеттің жанында өз алдына хан болып тұруға көп күш керек екен. Ол күш алтыбақан ала ауыз қазақта болмаған. Хан басын қарашаға теңгеру жеңіл болмаса да, өз алдына жұрт болып тұра алатын болмаған соң, хандарымыз халқыменен Россияға қосылған.

Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну — білмегендік. Әуелі — қазыналық етемің дегенде көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болмаса, қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді. Жер өзінде

болған естек жұртын көрмей жүрміз бе?! Жері көп, малы көп естек көрінбейді ғой. Шаруа жерімен бай, жерінен айырылған соң, жұмыс біткені. Естекті жерден жұрдай ғып түбіне жеткен надандық пен жалқаулық. Шай, шекер, шүберектей болмашы нәрсеге сатып, естектер жерін тауысты. Жерден айырылып, шаһар шаһарға тозып, тентіреп кетті, кетпегені кедейліктен жүре алмайды. Тұрған шаһарының көшесін сыпыратын, қорасын тазалайтын, отынын жаратын, боқтығын таситын о ғайри қара жұмыс қылатынның бәрі болмаса, көбі естек (башқұрт).

Қазақтың естектен надандығы да, жалқаулығы да кем емес. Жер өзінікі болса, қазақ естектің істегенін істемейді деп кім айтар?! Айтатын адам болса, тыңдауға бармын, істемейді деп айтуға жоқпын.

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны — жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытатын қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жер жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды. Жер

қазыналық болған соң сата алмады, жалдаудан тартынып қалған қазақ аз шығар?! Қазақ облыстарындағы мұжық қалаларының көбін хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. Естектер сықылды шай, қант, шүберекке қызығып, жер жалдап, мұжықты ішіне кіргізген өзің емес пе?! Өзің қондырсаң дұрыс та, хакім қондырса бұрыс па? Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз көзіне түскен қырауды аршып қара. Асқа өкпелеген балалардай күр бұлтиғаннан ештеңе өнбейді. Іс оңғы басарлық қылығың жоқ. Амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма. Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол халықпыз. Үмітіміздің көбі қошқар, қасқырдың үміті сықылды! Өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көрер ме?! Еңбексіз егін шықпайды, терселең терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден, тер сіңдіріп алған тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ, ол мақалды ескертудің қазақ жоқ. Қарап жатқанда та-

былатын болса, ғылым, өнер баршасы қазақта болар еді, олардың бірі де көрінбейді.

Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандық кесапаты. Сонда да, соны ғылым өнерден артық көреміз. «Аллаңнан ойбайым тыныш» дейтін қазақ, ғылымыңнан надандығын тыныш көреді. Не шара бар?

Дүниеде теңге — теңдік, кемге — кемдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін?! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ.

«Айқап» журналы №1,
1911 жыл.

САЯТ АТЫНЫҢ СЫРЫ

- Сыртынан қарағанда бітім-тұлғасы зор, қырынан қарағанда тұрысы бүкірлеу болады.

- Қ а б ы р ғ а с ы н ы ң қара етті қалың һәм сүйегі жуан бітеді.

- Байлаулы тұрғанда ұлы денесін алдына қарай ұмсына созады.

- Жүргенде төрт аяғын нық әрі тең тастайды, үстіне ер салып байқағанда тұлабойы тегістеліп көрінеді.

- Артық қимыл жасамайды, бір орында үнемі шұлығып тұрады. Бұл кең мінезділігінің белгісі.

- Саят атының басы сүйір болғаны жақсы, өйткені, жедел шапқанда жел жарып қозғалыс жасауға ыңғайлы.

- Басы сүйір тұмсығы үшкіл жылқы иісін сезгіш қабілетке ие. Бұл саят аты үшін таптырмайтын қасиет. Аңның қайда жүргенін тез сезеді.

- Бұлшық еттері жетілген қатты болса тау-тасқа жүргенде шалдықпайды.

- Буындары өте мықты, төрт тұяғының қыры өткір, жон терісі қалың болғаны жақсы. Ал, қолтық-шап терісі жұқа болғаны абзал. Бұндай жылқының тыныстау мүмкіндігі зор келеді. Тынысы кең жылқы еркін көсіледі.

- Аяқ тұрқы ұзын, тұмсық үсті дөнес, жазық маңдайлы, жайын ауыз, шоқтығы етжеңді, жалы қалың болғаны абзал.

- Жай тұрғанда шоқтығын сауырынан биік ұстайды, мінезі жайлы болып келеді.

- Жүргенде басын көтеріп ұстайды, қаз мойын, денесі төртбақ келеді.

- Дене бітімі кесек, кеуделі, сауыры шығыңқы, жуан сіңірлі болады.

- Қара етті, төрт

сирағы ұзын, иықты, омыраулы, екі бұты алшы, аяғының аралары алшақ бітеді.

- Алысқа көз тастап өзін сергек ұстайды, құлақ түптері жақын орналасқан, мінезі жайлы, үйірсек.

- Атың түсін жердің жағдайына байланысты әртүрлі тандайды. Көбінесе баран немесе дала түстес құла жылқы қолайлы деп есептеледі.

- Кейбір салтанатты оқиғалар болмаса нағыз салбурын-саятка жорға мінбейді.

- Жүрісі қатты ат қыран құсты мезі ететіндіктен жарамсыз саналады.

- Саят атының жүрісі жайлы, аяңшыл, жүрдек, шапқанда ұшқыр, мініске көнбіс, жүрісі шапшаң болуы қажет.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ





Сәтжанов Биболат Сағындықұлы 1994 жылдың 8 желтоқсанында Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақеспе елді мекенінде дүниеге келген. №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат түлегі. Бірқатар Республикалық, облыстық жыр мүшәйраларының жеңімпазы.

СӨЗ
ПАТШАСЫ



ҒАЙ-ҒАЙ...

Үйретші-
Қысас жанымды кеңге санауды
Қоралы түнге ұйқы қамауды.
Шемен боп қатқан шерді жібітіп,
Шырайыма шын күлкі жамауды.

Ұқтыршы-
Күннің жарқырап келетіндігін...
Мейірсіз мылқау мына түн бүгін.
Сыртқы кебің мен сезіміңе емес,
Саудыр тыйынға сенетіндігін.

Білдірші-
Қайғы тоңазып қалған ішімде.
Көк сағым көшкен толғанысыммен,
Үнсіздік бұзып үнсіздігімді,
Оянарымды талма түсімде.

Сендірші-
Өр кеуде өмір, әурелі күнде,
Мазактатса да әңгүдігіне.
Мұқата алмас мүгедек уайым,
Мезеттік даңқтың мәңгілігіне!!!

ЖҮЛДЫЗҒА АПАРАТЫН ЖОЛ

Азаулының Стамбұлдан несі кем?
(Доспамбет)

Ақырға қарай аттаныстың бәрі,
Тағдырларымызға бас болар.
Армандар, олар - пәк намыстың әні,
Ұға алмайтұғын басқалар.

Тамсағанымыз жақындай жерге,
Топырақтан өнген екем деп...
Тіленіп жүріп тоқымдай көргем
Тірілей түскен көкем көп.

Опынам содан, сезігім үдеп,
«Ортақ үйіңіз қайсы үй?» деп.
Азығын қамдап, жазығын білмек,
Жалғыздықтарды ой сүйреп.

Көш келе жатыр, бос келе жатыр
Жәутең көз жалба тайлақ бір.
Үнсіздігіміз кешпеген ақыр,
Далаға тісін қайрап тұр.

Көрмедіктерден кеткің келеді,
Төккің келеді көз жасын.
Қорлық өлімге кетті дегелі
Қорғалап жүріп өз басын.

Дүниеге мен жылап келгенде,
Қарсылаған әлем күлкімен.
Ызамды сонда бұлап бір демде
Ызғырығымды бүркігем.

Жалтақ ұл болып атанғам дағы,
Өксігімді басқам өлеңмен.
Көмілерімде күліп, жаһанның бәрі
Жылап қоштасса дегем мен!

Басқаларша беймаз налаға тұнып,

Жерігем де жоқ қағымнан.
Дара дарақтай далада тұрып,
Даламды солай сағынғам.

Даланың ұлы мың сана менсіз,
Кеңістік сиған кеуделі.
Ырысым шалқып тұрса да сенсіз,
Қасіретіңмен емдегін...

Шағыр көзбін мен, қаңғыбас ұлмын,
Менің отаным - ай дала.
Шаттығыма келіп шанды жасырдым
Ақ жазығымды жайлаған.

Беймәлім қау мен нуларым үшін
Атағы аспандап кеткен сен.
Атаға тартпай туғаным үшін
Жазамды сенде өткерсем...

Арымыз біздің жасымақ қанша?
Ақымақтар да қаһарман.
Өзің тудырған жартыесті шалша,
Айбат шегер ме ем шаһарға?

Аспан аңқыған арманның елі,
Махаббатым саған мәңгілік.
Жұлдызды көкке барсам түнеріп,
Сүйегімді сенде қалдырып...

Жүрегім... Бекер басқанды оны мұң,
Қабірінде қалса тат басып.
Менің тағдырыма бастар жолымның,
Еңселі, биік қақпасы...

Мәңгіге суық маусымымдағы,
Мыңнан бір лайық мекенім!
Сағынышымның даусы мұңданып,
Мен саған қашан жетемін?

ҚОНАҚ

...Жаңағы кісіміз,
Мейірім күзеткен ізетпен күлді ғой,
Төңкере қараған көзімен,
Түнектің түндігін түрердей.
Тірексіз тәкаппар есептің,
Тағынан түсіңіз бір сәтке,
Шіренбей!

Түсіңіз,
Тынымнан суынған сауыры тілінген,
Асығыс арманның атынан.
Ішіңіз ішіне ірілік жасырған,
Жазықтың аялы желіне бүгілген
Ақтықтың отынан.

Құт көріп өзіндей қонақты қарсылап,
Есігі елбірей ашылған.
Бұл – менің қақырам!
Осында уанып уайымсыз уайымға,
Опынып, ойсыздық жайында,
Ой бағып отырам...

Мұндағы момындық –
Мөлт еткен тамшыдай күнәсіз,
Махаббат жұмбағы.
Шынында шешімі – қылаумен өсетін.

Ақ қардың пәк жаны секілді шүбәсіз,
Нәресте нәзіктік құндағы.

Бұлардан бар нендей айырмаң?
Төр болып төселіп теңдігі,
Кендігі жаулық боп жолыңа жайылған,
Іргесі қақырап,
қараша қақатып тұрса да,
Қатулы қабақтың қайғысы.
Қанағат нұрымен шайылған,
Бұл құтты қақыра –
Қаланың алдына ырысы қойылған,
Даланың қорғаны.

Даланың –
Миллион тағдыр мен мыңдаған
аңызды,
Асқақтық аңқыған,
Қанбақ пен құйыны қайырған.

АЖАЛ

Апат болған ақылға,
Өз-өзіне жаны ашымас пақырға,
Ажал сыйлар ой аз ба?
... Ол тағы да сақырлаған аязда,
Арзан арақ ащы өмірін дәмді етіп,
Сапырылған теңіз салған сарында,
Жұбата алмай жалғызы өлген
жарын да,
Келе жатыр әндетіп.

Оннан соққан желді күткен алапта,
Жылусыз көк жалақтап...
Дерт меңдеген дімкәс тәнін,
Дедектете сүйретіп,
Құтырылған дауылда,
Құлақшыны далақтап.
Жыртық қостан ауылға,
Ол тағы да келе жатыр қонакқа.

Жел ұлды жіпсіз байлап уайымға...
Көңілінің көзмоншағы шытынап,
Қызу кірген қойынға,
Салып алып ұмыт қалған арманын.
Аймалайды ол ойында,
Жыламсырап еске алады бірауық,
Жалғыздығы жайында.

Жалғыз аяқ жол тағы...
Жоғалыпты қар басып жобалаған
бағыты.
Қорқынышы алданышпен арбасып,
Масаң миы сортаңның мұздағындай
тайғанап.

Ілбіп басқан қадамымен ілескен,
Өз өзіне өкініші мұң ескен,
Сөйлеп жатыр майдалап.

Сандырақтап тоқтады...
Ақтық көмген адырдағы айрық жол,
Айырғысыз боп қалып,
Ебедейсіз жиырылып қырау шалған
сакалы.

Құмыға кеп құтыдан,
Жұтынды да, құлап түсті қақалып.
Бытқыл бойлап үркіп қашты әлдене...

Суық тартып сал дене,
Сынық тістей қақсаған,
Ең соңғы рет жымиуға жеткендей
бар ақылы.

Кірпік жапты ол ақыры,
Жұтқыншағын жас қамап.
Қып-қызыл ай қаңтарылды
аспанында қаңтардың,
Алайғаны – ашқарақ.
Қар ерекше қалың түсті сол күні...

Мен - ор құмға біткен шағырмын!
Шыжында шалқыр шағылдың.
Алас та қапас күн туса,
Талас ішінде табылдың.
Заманға салған зары сән.
Қасіретімді танысаң,
Қасиетінді танырмын.
Кек болып кеміп айдыны,
Теңіздей түпсіз қайғылы,
Тағдырымменен танылдың.
Өшпестей дағы өртенген,
Өкпесі кепкен өлкемде,
Кеңдікте тағы тарылдың...
Мен - ғайыптан келген ғаламға,
Ғаламат сыйы ғасырдың.
Көп күншілдерден күпінген,
Білігі бөлек бітіммен,
Аруағымды асырдым.
Мен - қанағат атты қара ағаш.
Қатыгез жерге көктеген.
«Жасыман» деген жігіттің,
Басынан нелер өтпеген?
Мен - елімнің ерке ерені,
Ебі желдей екпінім.
Тарихтан мағлұм ерлігі
Тұяғы едім тектінің.
Тіріде тізе бүкпеген!
Мен - кекке суырған кездік ем.
Сеніммен сертке сілтеген.
От сепкен оқтан озық ем
Бұлқынып ұшқан білтеден.
Мұқалмас, маңғаз, маңдай ем,
Жартасқа қанша тисе де.
Бурыл көбікті таңдай ем.
Жантақтай жырды күйсеген.
Құр лепеске лепірген,
Тар көкіректерді піспеген,
Кеңдігімменен басып ем.
Наладан нышан түспеген.
Абадан мінез асыл ем.
Бұрқ етіп өзі тұтанған.
Боз даладағы боз едім,
Булығып шыққан сөз едім.
Елтұтар еткен ерлігі,
Өрге сүйреген өз елін,
Өрлігі басым атаның.
Артында қалған көз едім.
Өлең өртеген өзегін,
Толассыз жылдар табында
Көп күткем тағдыр кезегін!

Биболат СӘТЖАНОВ



ОБЛЫСТА ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Биыл Қызылорда облысының 100 тұрғыны «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының арқасында өз меншікті істерін ашты.

2015 жылы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының аясында Қызылорда облысында азаматтарды микро-несиелеуге 421,3 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда, 180 адам 370 млн теңге көлемінде несиеленді. Оның ішінде 108 азамат алғашқы рет өз меншікті ісін ашқандардың қатарында. Микронесие алушылар жасаған жаңа жұмыс орындарына жұмыспен қамту орталықтары арқылы 242 адам жұмысқа орналасты.

Сондай-ақ, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының аясында 229 жұмыс орны қарастырылған 17 инфрақұрылымдық жобаларға 575 млн теңге бөлінді. Бүгінде 16 жоба өз жұмысын бастап кетті. Мұнда жұмыспен қамтылған 200-ге жуық адамның 122-сі жұмыспен қамту орталығы арқылы орналасты.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша кәсіптік оқумен 2147 адам қамтылды. Сондай-ақ, орташа айлық жалақысы 46 мың теңгені құрайтын әлеуметтік жұмыс орындарына 340 қазақстандық орналастырылып, 519 азамат жастар тәжірибесіне бағытталды.

Нәтижесінде, Қызылорда облысындағы жұмыссыздық деңгейінің 2015 жылдың 2 тоқсанындағы көрсеткіші 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,2 пайыздық бекетке төмендеп, 5 пайыздық құрады. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,1%-ды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7%-ға төмендеді.

Айта кетейік, 2015 жылғы 11 ақпанда өткен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының тиімділігін атап көрсетіп, оны жандандыруға тапсырма берген болатын.

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Кәсіби мемлекеттік аппаратты құру» атты бірінші институционалдық реформасын түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметкерлерімен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында көшпелі кездесу өткізілді.

Кездесулерге 50-ден астам адам – мемлекеттік қызметшілер, аудан, аудан орталықтары және ауылдық округтардың әкімдері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысымен жарияланған реформалар – әлемдік саяси және экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы тиімді және уақытылы шаралар болып табылады. Басты мақсат – әрбір қазақстандықтың өмірін жақсарту және баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекетті құру.

Кездесу барысында Департаменттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саудаттандыру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бөлімінің басшысы Абай Батырбаев реформаны жүзеге асырудағы мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің факторлық-баллдық шкаласын енгізу, мемлекеттік қызметшілердің нәтижеліліктерін тұрақты бағалап, бонустар төлеп отыруды енгізу, мемлекеттік аппараттың кәсібилендіру, «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң әзірлеу және мемлекеттік қызметшілерге аттестаттау жүргізу сияқты басты аспектілері түсіндірілді.

Қатысушы мемлекеттік қызметшілер түсіндірмелерді ынша тыңдап, өздерін қызықтырған сұрақтарға толық және түсіндірме жауаптар алды.

АЖ-ақпарат



ҚОҒАМ

МАРАФОНШЫЛАР-СЫРЖЕРІНДЕ

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, арнайы жүзеге асқан «Шу-Ұлытау-Астана» марафоны Қызылорда қаласына келіп жетті.

Марафоншыларды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Садық Мұстафаев пен «Өркениет-Қызылорда» қоғамдық қорының президенті Нұрхан Жәлиев бастаған топ күтіп алып, құрмет көрсетті.

Айтулы шара ел тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, достық пен бірлікті нығайту және бұқаралық спорттың рухани әлеуетін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Негізінен, марафонның өтуіне мұрындық болған ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Алматы қалалық марафоншылар клубы. Құрамында 15 адам бар. Марафоншылардың капитаны ұзақтыққа жүгіруден Азияның 6 дүркін

чемпионы Марат Балтабаев. Оның айтуынша, марафоншылардың көбісі спорт шеберлері. Олар 1500 шақырымды 7 күнде жүріп өтпек.

16 тамызда Жамбыл облысының Шу ауданынан бастау алған шарада спортшыларға Қазақ хандығының символикалық байрағы, яғни Керей мен Жәнібек хан көтерген көк тудың көшірмесі табысталған. Марафоншылар байрақты Тараз, Шымкент, Түркістан қалалары арқылы алып жүріп, Қызылордаға аяқ басты. Одан әрі Жезқазған қаласы арқылы 22 тамызда Ұлытауға жеткізуді көздеп отыр. Ал, 23 тамыз күні Астана қаласына табан тіреді. Сөйтіп, марафоншылар көк байрақты ҚР Президентінің мұражайына табыс етеді.

ЖАҢАҚОРҒАНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖИЫН

Жаңақорған аудандық аурухананың мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы белгіленген ұлт жоспарын насихаттау жиыны өткізілді, деп хабарлады аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Оған «Нұр Отан» партиясы Жаңақорған аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Балқожаев, «Жаңақорған тынысы» газетінің бас редакторы Қ.Әбдуов пен емдеу және алдын алу ұйымдарының басшылары және медицина қызметкерлері қатысты.

Аудандық орталық аурухана бас дәрігері С.Ысқаков Қазақстанның

мемлекеттілігін нығайтуға арналған стратегиялық жоспар жайында кеңінен мағлұмат беріп, жан-жақты түсіндірді. Оның айтуынша, Елбасы жариялаған 100 нақты қадам Ұлт жоспарында медицина саласына үлкен көңіл бөлінген. Сондай-ақ, басқосуда 100 нақты қадамның медицина саласына арналған қадамдары қарастырылды. Яғни, әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу, жекеменшік медицинаны дамыту және дәрігерлік қызмет сапасын арттыру мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында, ақ халаттылар 100 нақты қадам көрсетілген ұлт жоспарын жүзеге асыру міндеттері жайында ойларын ортаға салды.

БІЛІМДЕРІН САРАЛАДЫ




Қазақ хандығының 550 жылдық мерейлі мерейтойына орай Н.Илиясов ауылдық модельді кітапханасының ұйымдастыруымен «Тарих - таным» атты интеллектуалды ойын өтті. Бұл туралы аудан әкімінің баспасөз қызметінен хабарлады.

Қазақ хандығы құрылуының тарихи оқиғалар тізбегін еске түсіре отырып, жастардың білімдерін арттыру, тарихи ұлы тұлғалардың ерліктерін насихаттап, Отансүйгіштікке тәрбиелеуді мақсат еткен шараға ауыл әкімі аппаратының қызметкерлері, ақсақалдар және ауылдың белсенді жастары қатысты. Интеллектуалды ойынға «Алаш», «Жас қырандар», «Болашақ» атты 3 топ «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», «Тарихи деректер», «Тарихи оқиғалар», «Конверт-сұрақ» бой-

ынша төрт кезеңнен тұратын ойын шарты бойынша сайысқа түсті.

Өздерінің білімділігі мен біліктіліктерін көрсете білген топтарды қазылар алқасының мүшелері - ардагер-ұстаздар Мәжит Құттыбаев, Шолпан Тойбаева және ауыл әкімшілігінің маманы Азамат Жұмабек бағалады. Қызықты өткен ойын қорытындысында 1 орын 67 ұпай жинаған «Алаш тобына» табыс етілді. Жүлделі 2 орынға 51 ұпаймен «Болашақ тобы» лайықты деп танылса, 3 орын қоржынында 50 ұпай бар «Жас қырандар тобына» бұйырды.

Тағылымды шараның жоғары деңгейде өтуіне өзіндік үлестерін қосып, жеңімпаздар қатарынан көрінген қатысушыларға арнайы дипломдар табыс етілді.



Ату жазасына кесілген жалғыз қазақ қызы кім?

«Е-е, Шұға десе, Шұға еді-ау...» деген күрсініспен басталатын Бейімбет Майлиннің «Шұға» әңгімесін оқымаған жұрт жоқ шығар. Сол секілді есімін күрсініспен еске алатын қазақтың қыршын ғұмыр бір қызы бар - Шахзада Шонанова. Мен бұл есімді алғаш рет Алаш арысы Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар әжейдің аузынан естіген едім.

Гүлнар МІРЖАҚЫПҚЫЗЫ:

— 1936 жылы мен студент едім, демалыс үйіне барғанымда бірде Телжан Шонанұлының жұбайы Шахзада апайды көргенім бар. Бір көрмекке керемет сұлу, өзі оқыған, білімді, Халық комиссариатында қызмет істейтін апай да сол жерде демалып жатса керек. Мені көргеннен жанына жақын тұтқан сол кісі бір күні: «Жүр, екеуіміз саяхат жасайық», — деді. Сол серуенде екеуіміз тау басына шықтық. Әлден уақытта үлкен бір жартастың жанына жете бергенімізде, Шахзада апай жартасқа сүйеніп тұрды да, бір керемет өлеңдерді бірінен соң бірін оқуға көшті. Таңдана қарап қалған маған кенет: «Бұл сенің әкең жазған «Бақытсыз Жамалда» жазылған өлеңдер емес пе?» — деді. Сөйтіп, мен «Бақытсыз Жамалды» бірінші рет Шахзада Шонанованың аузынан естідім...

Осыған дейін естімеген соң, әлгі есім жадымда қалып қойған еді. Солайша бұл есім әрі қарай ізденуге жетеледі. Бұл қыз кім? Алаш арыстары еңбегімен қалай таныс? Қазақ қызының ол тұста Халық комиссариатында қызмет етуі — сирек құбылыс. Соңында білгенім, мені елең еткізгені Шахзаданың Алаш арыстарымен бірдей айыпталып, қуғыннан көз ашпай, соңында дәл сол арыстардай атылып кеткендігі болды. Әрине, ерлердің қасында жүріп, солардың жары

болғаны үшін «халық жауы» деген жала жабылып, Ақмоладағы АЛЖИР лагерінде жазасын тартқан Күләнда Қожанова, Дәмеш Жүргенова, Гүлбаһрам Сейфуллина, Гүлжамал Майлина, Әзиза Рысқұлова сынды көптеген апамыз болды, бірақ бір жұбанарлығы — олар лагерьде белгілі бір уақыт жазасын өтеп, тірі қалды ғой. Ал Шахзада неге атылды? Өмірдің қызығы былай тұрсын, аңдусыз өткен бір күнге зар болатындай осы бір аяулы ару кімге не жазып еді? Ол неліктен қуғындалды? Шахзада 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. Әкесі Арон Қаратаев сол жылдары елге танымал болған азамат Бақытжан Қаратаевтың інісі болатын. Сонда Шахзаданың бүкіл өмірін астаң-кестең етіп, басқан ізінің аңдуда болуына, қуғыннан көз ашпауына себеп осы ғана екен.

Айгүл ІСМАҚОВА, алаштанушы:

— 1937 жылы қаңтар айында Шахзада Шонанова Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университеті биология факультетінің 2-курс студенті атанады. Сонда «осы 34 жасына дейін ол қайда болды, немен айналысты?» деген сұрақ туындайды ғой. Оған дейін алты

жыл мектепке дейінгі тәрбие әдіскері, ғылыми хатшы, мектеп инспекторы қызметтерін атқарған екен. 1937 жылғы анкетасында тоғыз жыл кеңес мекемелерінде қызмет атқарғаны айтылған. Бүкіл арманы жоғары білім алу еді, өкініштісі, өмір бойына қаншама оқу орнының табалдырығынан аттап, бірақ әлгіндей тегіне бола оқудан шығарыла-шығарыла, ақыры сол арманына жете алмаған күйі кетті. Алдымен ол Орта Азия университетінің медицина факультетіне оқуға түскен, екінші курсына шығарып жіберді. Кейін Алматы медициналық оқу орнына түсіп, ол жерден де шығарылған. Басқан ізі аңдуда болған ол арасында ғана оқуын жалғастыруға рұқсат алып отырыпты. 1932 жылы 12 наурыздан 11 сәуірге дейін Қарағанды қаласы маңындағы Прибалхаш стройдың Спасск бөлімшесіне (АЛЖИР-дің бір бөлімшесі) Шахзаданы медицина қызметкері ретінде жұмысқа жібереді. Ал ол бүкіл Қарағанды, Балқаш маңындағы ел сүзек ауруынан қырылып жатқан тұс болатын. Сонда ол жерден тірі қайтуы екіталай деп, әдейі өлімге айдалып отыр ғой. Дегенмен Жаратқанның көзі түзу ғой, жас қыз сол өлім жайлаған өлкеден дін аман болғаны былай тұрсын,

абыройлы анықтамамен оралады.

1937 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне қайтадан түскен Шахзаданың тегі бұл жолы да алдын тұйықтайды. Бұл жолғы кінә жұбайына байланысты еді. Ал, жұбайы алаштықтардың қатарындағы белгілі тарихшы, аудармашы, ғалым Телжан Шонанов еді. Қаратаева деген тегіне шүйліге берген соң, тұрмыс құрып, күйеуінің тегін алғанда да, Шахзада бәрібір қуғынның құрығынан құтылмайды. Ал Телжан Шонанұлы тілтанушы-түркітанушы ғалым, Алашорданың оқу комиссиясының мүшесі еді. Зерттеу жұмыстарындағы А.Байтұрсыновқа, жалпы, Алаш істеріне қатысты тұстарына байланысты «халық жауы» деген айып тағылған Телжан Шонанұлы 1937 жылы шілденің 20-сында Алматы қаласында тұтқынға алынды. Сөйтіп, 1938 жылы 27 ақпанда ату жазасына кесілсе, араға бір ай да емес, небәрі 10 күн салып, 9 наурыз күні әйгілі Қаратаевтардың тегі, қазақтың маңдайалды мақтанышы дерлік бір қызы Шахзада Шонанова атылып кете барады.

Мәриям ӘБСАТТАР.



Чемпиондар Лигасының кезекті бір тартысты маусымы да басталып кетті. Қазақ футболы үшін маңызды ойын саналғаны «Астананың» кипрлік «АПОЭЛ» клубымен кездесуі болатын. «Астананың» қарсыласын көпшілік фаворит санағанымен елордалық команданың да осал қарсылас болмайтыны ойын алдында айтылған еді. Оған «Астананың» «Марибор» мен «ХИК»-ке қарсы ойындары дәлел бола алады.



«Астана Арена» стадионында өткен ойын нәтижесінде елордалық команда азулы қарсыластарын 1:0 есебімен тізе бүктірді. Араға екі жыл салып Чемпиондар Лигасының әнұраны «Астана-Арена» төрінде қайта шырқалды. Осындай мүмкіндікті сыйлаған астаналықтарға қандай алғыс айтсаң да жараса кететіні анық. Стадионға жиналған халықтың

қарасы өте көп, аланда ине шапша орын жоқ. Қазақстандық жанкүйерлер көк-сары түсті қағаздарын жоғары көтеріп, тамаша толқын жасаумен болды. Сонымен қатар, ойынның ортасында еліміздің әнұраны да шырқалды.

Венгриялық қазы Виктор Кашшайдың ысқырығы естіле салысымен қонақтар допка иелік ете бастады. Соған қарамастан, 3-ші минутта Бауыржан Жолшиев оң қапталдан бір ойыншыны алдап шығып, айып алаңына пас шығарды. Танат Нөсербаев баспен қақпаға соққы бағыттаған еді, бірақ доп Бой Ватерманның қолынан табылды.

Ойынның 14-ші минутында Фокси Кетевоаманың керемет шығарған пасын Жолшиев қақпаның тоғыздығына бағыттап, допты қақпа торында тулаты. Осылайша, басымдылыққа ие бола бастаған қазақстандық клуб қорғаныста сауатты ойнап, ара-тұра шабуыл жасап тұрды. 28-ші минутта Жолшиев қарсылас қақпасын тағы да мазалады. Бірақ осы жолы тепкен добы сәтсіз шықты.

Кездесудің екінші бөлігін «АПОЭЛ» мүлдем басқаша бастады. Бірінші кезеңде бірде-бір шабуыл ұйымдастырмаса, екінші таймда алаң иелерін қорғанысқа көшуге мәжбүрледі. 55-ші минутта Инаки Астиз шабуылды өзі ұйымдастырып, Томас де Винчентиге пас шығарды. Винчентидің қайта берген пасына Астиз аяғын тосты. Бірақ қақпадан қиыс кетті. 62-ші минутта «Астана» қақпасына айып соққысын орындаған Луиз Леал есепті теңестіріп кете жаздады. Абырой болғанда, бағыттаған жойқын соққысы қақпадан санаулы сантиметрлер ғана қиыс кетті. Матчтың 85-ші минутында Жуков алаңдағы орнын Абзал Бейсебековқа босатты. Оған дейін,

Нөсербаевтың орнына Кабананга шыққан болатын. Нөсербаев капитандық белгісін алаңдағы әріптесі Фоксиге табыстап кетті.

Ұрымтал сәттердің бірінде Фокси алыстан соққы бағыттап көрген болатын. Жойқын соғылған доп қақпаның ішіне кіріп бара жатқан тұста Ватерман керемет сэйв жасап, қақпасын голдан аман сақтап қалды. 92-ші минутта алаңға қызылордалық «Қайсардың» бұрынғы ойыншысы Мужиков кірді. Санаулы минуттардан соң, 30 000 мың жанкүйерді жинаған кездесудің соңғы ысқырық дыбысы да естілді. «Астана» топтық кезеңге алғашқы қадамын жасады деуге болады. Бірақ, барлық мәселе Кипрде өтетін кездесуде шешіледі. Бұл туралы «АПОЭЛ»-дің бас бапкері Домингуш Пасиенсия баспасөзге берген сұхбатында «Қос команданың мүмкіндігі бірдей», - дегенді айтты. Сонымен қатар, Пасиенсия жасанды алаңның ойыншыларына кері әсерін тигізгендігін айтты. Енді қарымта ойын 26 тамыз күні Кипрдің бас қаласы Никосиде өтеді.

«ҚАЙСАР» - ЖАҢА ДИРЕКТОР

Тамыздың 17-сінен бастап «Қайсар» ҚОФК» ЖШС-нің директоры міндетіне ресми түрде Жалғасбаев Нұржан Жармедетұлы тағайындалды.

Бүгінге дейін Нұржан Жалғасбаев «Қазақстан спорттық технологиялары» ЖШС-інде бас менеджер қызметін атқарып, елімізді әлемдік берндтердің спорттық экипировкалары және жабдықтарымен қамтамасыз етіп отырды. Еліміздің қаржы институты саласындағы тәжірибесі зор. Сондай-ақ, ҚР ішкі әскер және ішкі істер органдарында қызмет атқарды.

Нұржан Жалғасбаев 1983 жылдың 9 наурызында дүниеге келген. Қызылорда қаласының тумасы. Заңгер және экономист мамандықтары бойынша жоғары білімі бар. Отбасын құрған, екі баланың әкесі. Командаға жаңа директорды Қызылорда облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Мұстафаев Садық Шонмұрынұлы тағайындап, қызметіне табыстар тіледі. Өз кезегінде Нұржан Жармедетұлы да сенімді ақтауға бар күшін салатынын жеткізіп, «Қайсар» фут-

бол клубын жаңа белестерге көтеру үшін аянып қалмайтынын айтты.

«Маған сенім артқан облыс басшылығына алғысым зор. Жалпы, Қызылорда үшін мен бөтен адам емеспін. Осында өстім, алты жылдай футболмен айналыстым. Сіздермен бірге «Қайсар» футбол клубын жаңа белестерге көтереміз деп ойлаймын», - деді Нұржан Жалғасбаев.

Бетті дайындаған: Рыскелді СӘРСЕНҰЛЫ

ИЛЬЯ ИЛМЕЙДІ

Шетелдік Infostradasports.com порталы «2016 жылғы жазғы Олимпиадада Қазақстан спортшылары қандай орындардан көрінуі мүмкін» деген сауал төңірегінде жорамал жасаған еді. Онда ауыр атлетикадан екі дүркін Олимпиада чемпионы Илья Ильин Бразилия жерінде күміс медаль алады деп болжам айтылған.

Ал, бұл болжамға қарсы әдеттегідей Илья Ильин «бәрекелді» дегізген жауап қайтарды. «Бұл - менің үшінші Олимпиадам. Ондай жорамал жиі айтылады. Бұдан бұрын да солай болжам жасалды. Лондон Олимпиадасы алдында да сондай оқиғалар кездесті. Мұны мен қалыпты көрініс санаймын. Ол маған ешбір әсер етпейді. Бәрінің қалай шешілетіні жарыс барысында анықталады. Олар 99 пайызға қателесіп отыр деп санаймын», - деген уәж айтты И.Ильин.

Әр қалада бір үйің болсын...



Аты әлемге әйгілі футболшы Криштиану Роналду Нью-Йорк қаласындағы көп қабатты үйлердің бірінен 18,5 миллион долларға пәтер сатып алды. Бұл туралы New York Post басылымына сілтеме жасаған sports.ru хабарлады. Басылымның хабарлауынша, 30 жастағы португал пәтерді Бесінші авенюда орналасқан Trump Tower кешенінің 58-қабатынан сатып алған. Аумағы 233 шаршы метрді құрайтын жылжымайтын мүлік элиталық деңгейдегі баспаналардың қатарына жатады. БАҚ өкілдері Роналдудың бұл әрекетін әртүрлі топшылауда. Кейбіреулер оның алдағы уақытта Америка чемпионатына (MLS) ауысуы мүмкін екенін хабарлап үлгерді. Тіпті футболшы «Нью-Йорк Ред Буллс» немесе «Нью-Йорк Сити» командаларының қатарына қосылады деген пікірлер де айтылуда. Айта кетейік, атлет бүгінде Испанияның «Реал» (Мадрид) командасында ойнайды. Форвардтың корольдік клубпен арадағы келісімшарты 2018 жылы аяқталады.



Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Желіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.	Тапсырыс №878 Таралым 2000

е-mail: alash_zholy@mail.ru